

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

«БЕКІТЕМІН»

М.Әуезов атындағы ОҚУ

Басқарма төрағасы-ректоры

Д. Қожамжарова

«07»

2021ж.



**«М.ӘУЕЗОВ атындағы  
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
СТАНДАРТЫ**

## 1. Жалпы ережелер

1.1 «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорынындағы бұл Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (әрі қарай – стандарт) - "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (2015) 10-бабына сәйкес дайындалған және М.Әуезов атындағы ОҚУ (әрі қарай – университет) қызметінің барлық салаларындағы рұқсаттар, шектеулер мен тыйымдар жүйесін білдіреді.

1.2 Бұл Стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, құқықтық сауаттылықты арттыру және университеттің, оның қызметкерлері мен басқарушы құрамының қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік ортаны қалыптастыру.

1.3 Стандарттың мақсаты:

- университет әкімшілігі, профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін орындауы кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқы мен жауапкершілігін қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлық көріністерін уақытылы анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын-алу;
- университет қызметкерлері арасында жалпыға бірдей сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәдениетін дамыту;
- университет қызметінің тиімділігін арттыру.

1.4 Стандартты қолдану және орындау:

- Стандарт адам және азамат, университет және оның қызметкерлері құқығы мен заңды мүдделерін іске асыру және функцияларын жүзеге асыру барысында университет қызметінде қолданылады.
- Стандарт университет қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті.
- Стандартты қолдану және орындау үшін университеттің әрбір қызметкері жеке жауапкершілікте болады.

1.5 Стандартты өзгерту «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

1.6 Стандарт белгіленген ережелерді қатаң сақтау мен сыбайлас жемқорлық көріністерін алдын-алуға бағытталған университет қызметкерлері әрекеттері мен шешімдерін анықтайды.

1.7 Қызметкерлердің Стандарт талаптарын сақталуына бақылауды университет басшылығы және Парасат басқармасы жүзеге асырады.

## 2. Университет қызметкерлерінің жүріс-тұрыс (әрекет) ережелері

### Тыйымдар, шектеулер және рұқсаттар:

2.1 Университеттің және оның қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру барысында:

2.1.1 Өзінің қызметтік өкілеттіліктерін іске асыру барысында өз міндеттерін орындаумен байланысты материалдық игіліктер, қызметтер мен өзге де артықшылықтар қабылдамау;

2.1.2 Мүдделер қактығысын болдырмау, олар туындаған жағдайда оларды жою үшін заңнамаға сәйкес шаралар қабылдау;

2.1.3 Білім беру және өзге де қызмет көрсетуді жүзеге асыру барысында өзі немес үшінші тұлғалар үшін пайда көру мақсатында қызметтік жағдайын пайдаланбау;

2.1.4 Университеттің іскерлік беделін құрметтеу, университеттің құқығы мен заңды мүдделеріне қайшы келетін немесе қауіп төндіретін қызметтерге қатысудан сақтану, оның беделі мен абыройына нұқсан келтіретін әрекеттердің жолын кесу;

2.1.5 Университет қызметкерлерінің жеке мәліметтері туралы ақпараттарды үшінші тұлғаларға негізсіз беруді болдырмау;

2.1.6 Білім, біліктілік, тәжірибе, өнімділік және тиімділік сияқты факторларды ескеріп, меритократия қағидаларын сақтай отырып қызметкерлердің конкурстық негізде қызметтік сатыда ілгерілеуін қамтамасыз ету;

2.1.7 Ғалымдардың өздерінің түпнұсқа жаңалықтары мен өнертабыстары, идеялары, сондай-ақ оларды іске асырудан түскен табысты алуын заңда рұқсат етілген тәсілдер арқылы қорғауды қамтамасыз ету;

2.1.8 Университет қызметкерлерінің білім мен ғылымның, техниканың даму жолдарын анықтауға белсенді қатысуы.

2.2 Білім беру-ғылыми және өзге де қызмет түрлерін көрсету барысында туындайтын қарым-қатынас барысында:

2.2.1 ҚР Конституциясы, ҚР Еңбек кодексі, «Білім беру туралы», «Ғылым туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңдарының, ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы және өзге де заңдарының талаптарын қатаң сақтау;

2.2.2 Қазақстан Республикасының заңдарында тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтарды жасауды болдырмау;

2.2.3 Мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе пайдалану мақсатында ресми жариялауға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбау;

2.2.4 Өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында іскерлік әдеп пен ресми мінез-құлық ережелерін сақтау, М.Әуезов атындағы ОҚУ қызметкерлері мен оқытушыларының корпоративтік этика Кодексі, университеттің Жарғысы мен ішкі тәртіп Ережелерін, университеттің өзге де нормативтік-құқықтық актілері нормаларын қатаң сақтау.

### **3. Университет қызметкерлерінің өз күзіреттілігі шегінде басқарушылық және өзге де шешімдер қабылдау барысындағы міндеттері**

3.1 Қызметтік міндеттерді орындау барысына жеке мүдделілікті, сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне және сыйлықтарды қабылдауға бейімділік туралы мүдделер қақтығысы туындағанын тікелей басшыға баяндау;

3.2 Қызметтік міндеттерді орындау барысында жеке және өзіндік мүдделерді басшылыққа алмау;

3.3 Әріптестері мен басшыларға олардың бейтарап қызметтік шешімдер қабылдауына әсер етуі мүмкін өзара қарым-қатынастың белгіленген тәртібін бұзатын құқыққа сай емес өтініштермен жүгінуден бас тарту;

3.4 Өзге тұлғаларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға итермелемеу және көтермелемеу;

3.5 Әріптестеріне, басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға қызметтік өкілеттіліктерін пайдалана отырып мүліктік пайда, игілік немесе артықшылықтар алу үшін сыйлықтар бермеу және ресми емес қызметтерді көрсетпеу;

3.6 Қызметтік өкілеттіліктерді орындауына байланысты сыйлықтар алмау.

3.7 Таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпараттарды мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе иемдену мақсатында пайдаланбау.

3.8 Жақын туыстық қатынаста (ата-анасы, ерлі-зайыптылар, ағасы, інісі, әпкесі, сінілісі, балалары) тұратын адамдарға тікелей бағынатын немесе бақыланатын тұлғалармен байланысты лауазымға тағайындаудан бас тарту.

3.9 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту.

3.10 Сыбайлас жемқорлық көріністері, сондай-ақ материалды немесе мәселені жедел қарау үшін қандай да бір пайда алуға итермелейтін өзіне мәлім болған деректерді бірден басшылыққа баяндау.

3.11 Орындау үшін алған өкімнің заңдылығы күмән тудыратындығы туралы тікелей басшыға кідіріссіз жазбаша нысанда хабарлау.

3.12 Егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына қатысушы болса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну.

3.13 Әріптестерінен жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды талап ету және қолдау.

3.14 Тұрақты негізде мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін себептер мен жағдайларды жою бойынша шаралар қабылдау.

3.15 Үшінші тұлғалар мүддесін білдіруден немесе қолдаудан, олардың атынан әрекет етуден бас тарту.

3.16 Қызметтік емес сипаттағы сұрақтарды шешу кезінде білім алушылар мен әріптестерінің қызметіне әсер ету үшін лауазымдық жағдайын пайдаланбау.

3.17 Өзге тұлғаларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу.

3.18 Бағынышты және өзге де лауазымды тұлғалардың тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын бұзу фактілерін болдырмау және жолын кесу.

3.19 Өздерінің қызметтік міндеттерін орындау барысында әріптертері арасында пайда болған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша уақытылы кешенді шаралар қабылдау.

3.20 Сыбайлас жемқорлықты алдын-ала ескерту бойынша кешенді шаралар қабылдау.

3.21 Бағыныштылармен бірлесе отырып, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға қолайлы жағдайлар мен себептерді жою.

3.22 Қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындауға бағыныштылар мен білім алушыларды тартуды болдырмау.

#### **4. Университет қызметкерлеріне ғылыми-ағартушылық және өзге де қызмет түрлерін көрсету барысындағы ұсыныстар**

4.1 Тұрақты негізде ғылыми-ағартушылық және өзге де әлеуметтік маңызы бар қызмет түрлерін көрсету сапасын арттыру және «университет- оқытушы-білім алушы» қарым-қатынасы жүйесінде бюрократиялық кедергілерді болдырмау бойынша шаралар қабылдау.

4.2 Тұрақты негізде өз білімін жетілдіре отырып, отандық және шетелдік тәжірибе мен ғылым жетістіктерін оқи отырып, кәсібилілікке ұмтылу.

4.3 Өзінің жалпы адами және кәсіби іс-әрекеті арқылы айналасындағы адамдарға үлгі болу.

4.4 Білім алушыларға еңбек тәртібінің, өз университетіне, оның тарихына, дәртүрлеріне құрметпен және ұқыптылықпен қараудың жеке үлгісін көрсету.

4.5 Білім алушыларға қатысты лауазымдық өкілеттіліктерін теріс пайдаланбау, білім алушыларға біржақты көзқарасқа және олардың білімін бағалау кезінде субъективизмге жол бермеу.

4.6 Әріптестер мен білім алушылардың қадір-қасиетін қорламау, бейәдеп сөздер қолданбау, өзімшілдік және мендік танытпау.

4.7 Университет әкімшілігінің шешімдері мен оның құрылымдық бөлімдері қызметі туралы анық емес ақпаратты таратпау.

4.8 Білім алушылардан сыйлықтар немесе ақшалай сыйақы қабылдамау.

4.9 Плагиат және өзге де академиялық адалдық ережесін бұзушылықтарды болдырмау.

4.10 Өзінің қызметтік міндеттерін атқару барысында жоғары мәдениеттілік, жауапкершілік, адалдық, академиялық адалдық және объективтілік танытуы, әріптестермен және білім алушылармен қарым-қатынаста өзара сыйластық, дұрыстық, ізгілік қағидаларын басшылыққа алуы тиіс.

#### **5. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру бойынша ұсыныстар**

5.1 Мемлекеттік сатып алу үшін қолданылатын ақша қаражаттарын оңтайлы және тиімді жұмсау.

5.2 Заңда көзделгеннен басқа жағдайдарда, әлеуетті жеткізушілерге мемлекеттік сатып алуларды өткізу барысына қатысуға бірдей мүмкіндіктер беру.

5.3 Мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамаға сәйкес әлеуетті жеткізушілер арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету.

5.4 Мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы және мөлдірлігі.

5.5 Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу.

5.6 Өткізілетін мемлекеттік сатып алуларға жақын туыстары, жұбайы (ерлі-зайыптылар) немесе осы әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының жақтастары мен (немесе) осы әлеуетті жеткізушінің жеткізіп берушіні таңдау құқығына ие күзiреттi өкiлi немесе өткiзiлiп отырған мемлекеттiк сатып алуда тапсырыс берушінің немесе мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының өкілінің қатысуына жол бермеу.

5.7 Әлеуетті жеткізуші және (немесе) тартылып отырған қосымша мердігер (қосалқы орындаушы) ретінде борышкерлердің Бірыңғай тізіліміне енген және атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар тұлғалардың қатысуына жол бермеу.

## **6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәдениетін қалыптасатыру**

6. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік атмосферасын қалыптасатыру – бұл университет қоғамдастығының барлық мүшелерінің кез-келген әділетсіз тәжірибеге қарсы іс-қимыл қажеттілігі туралы сенімін күшейту бойынша қызмет. Университет қызметі жалпы білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы төмендегік ешенді шаралар арқылы іске асырылады:

6.1 Университет қызметінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді технологиялар мен механизмдерді енгізу;

6.2 М.Әуезов атындағы ОҚУ ПОҚ мен қызметкерлерінің корпоративтік этика Кодексін, Академиялық адалдық Ережесін енгізу.

6.3 Университет қоғамдастығы мүшелері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттылықты қамтамасыз етуге және сыбайлас жемқорлық пен оның салдарының қауіптілігін қоғамдық түсінуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты иммунитет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруға мақсатты бағытталған жұмыстар жүргізу;

6.4 Сыбайлас жемқорлықтың алдын –алу процесіне әлеуметтік әріптестік негізде білім алушыларды, оқытушыларды және қызметкерлерді тарту;

6.5 Тұрақты түрде «Жемқорлықтан азат университет», «Оқытушы студенттер көзімен» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаппай әлеуметтік сауалнамаларын өткізу;

6.6 М.Әуезов атындағы ОҚУ интернет-ресурстарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған құқықтық ақпараттарға халықтың кең ауқымды қолжетімділігін қамтамасыз ету;

6.7 Өзге мемлекеттік органдардың және қоғамдық бірлестіктердің, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет өкілдерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы одан әрі шаралар әзірлеу бойынша кездесулер ұйымдастыру.